

М. Малбақов , **Г. Көбденова*** , **А. Қайрат** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: guljihan@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ КОРПУСЫ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША БІРЕР СӨЗ

Мақала қазақ тілінің поэтикалық корпусына енетін поэтикалық тіл мәселесін зерттеуге арналады. Негізгі нысан ретінде алынған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры нұсқаларының поэтикалық ерекшеліктері талданады. Ішінара «Қыз Жібек» жырынан мысал келтіріледі.

Зерттеудің мақсаты, негізгі бағыты мен идеясы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры нұсқаларының поэтикалық құндылығын ашып көрсетуді көздейді.

Мақалада іріктеу, жүйелеу, лексика-семантикалық және тақырыптық топтарға бөлу, құрылымдық, сипаттау, семантикалық топтау, синхрондық талдау, салғастыру әдістері қолданылды.

Мақалада қазақ халқының сан ғасырлардан бері жырланып келген ең көне мәдени жәдігерлерінің бірі Қазақ тілінің поэтикалық корпусында берілген «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» жырларының таңдаулы нұсқалары өзара салыстырыла отырып, тарихи-поэтикалық тұрғыдан зерделенеді. Аталмыш жырдың барша түркі халықтарына ортақ мұра екендігі белгілі. Мәселен, осы жырдың алтайлықтарда, башқұрттарда, татарларда бірнеше нұсқалары сақталған. Жырдың қазақ тіліндегі нұсқаларына келер болсақ, ең алғаш бұл жыр В.В.Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен» атты еңбегінің 1870 жылғы үшінші томында және 1876 жылы И.Н.Березин тарапынан «Түрік хрестоматиясы» құрамында жарық көрген болатын. Эпосты жинақтау, жариялау және зерттеу жұмыстарына Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин бастаған көптеген зиялы қауым атсалысты. Мақала негізінен Жанақ ақыннан жазылып алынған Шоқан нұсқасы, сондай-ақ, В.Радлов, Бейсенбай, М.Ж.Көпеев, Потанин, Шөже нұсқалары негізінде жазылып отыр.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер: 1) эпостың басты нұсқаларының поэтикалық тілін өзара салыстыра зерттей отырып, ең негізгі, көне және көркем нұсқа ретінде Жанақ ақынның жырлаған нұсқасын тауып отырмыз; 2) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» тәрізді лиро-эпостық жырлардағы басты кейіпкерлердің өміріне байланысты тағдырдың таңбасы іспетті, тағдыршешті мәселелер құрамы анықталып отыр; 3) жырдың әртүрлі нұсқаларында біресе жағымды, біресе жағымсыз кейіпкер ретінде әралуан беріліп отыратын Сарыбай мен Қарабай байлардың қайсысының нағыз жағымды кейіпкер болуы тиісті екендігі дәлелденіп отыр.

Түйін сөздер: лиро-эпос, поэтикалық корпус, поэтикалық тіл, түпнұсқа, оппозициялық бинарлы топ.

M. Malbakov, G. Kobdenova*, A. Kairat

Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: guljihan@mail.ru

A few Words on the Issues of the Poetic Corpus of the Kazakh Language

The article is devoted to the study of the problem of the poetic language of the constituent poetic corpus of the Kazakh language. The poetic features of the variants of the song “Kozy Korpesh – Bayan Sulu”, taken as the main version, are analyzed. Examples from the poem “Kyz Zhibek” are partially given.

The purpose, main direction and idea of the research is to reveal the poetic value of the variants of the poem “Kozy Korpesh – Bayan Sulu”.

The article uses methods of selection, systematization, division into lexico-semantic and thematic groups, structural, descriptive, semantic grouping, synchronous analysis, and construction.

The article examines from a historical and poetic point of view selected versions of one of the oldest cultural relics of the Kazakh people, “Kozy Korpesh–Bayan Sulu”, with a comparison among themselves. It is known that this epic is a common heritage for all Turkic peoples. For example, the Altaians, Bashkirs, and Tatars have preserved several versions of this lyric epic. As for the Kazakh versions of the poem, this poem was first published in the third volume of V. Radlov’s work in 1870 “Samples of folk literature of Turkic tribes” and in 1876 by I.Berezin as part of the “Turkish Anthology”. Many intellectuals, led by

The results obtained during the study: 1) comparing the poetic language of the main versions of the epic, we find, as the most basic, ancient and artistic version, the version sung by Zhanak akyn; 2) issues related to the life and fate of the main characters of lyric-epic poems, such as “Kozy Korpesh-Bayan Sulu”, “Kyz Zhibek” are identified; 3) it is proved who is actually a positive hero, since in different versions of the epic Sarybai and Karabai are perceived differently as positive and negative characters.

Key words: lyric epic, poetic corpus, poetic language, original, oppositional binary group.

М. Малбақов, Г. Кубденова*, А. Кайрат

Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, г. Алматы, Қазақстан

*e-mail: guljihan@mail.ru

Несколько слов по вопросам поэтического корпуса казахского языка

Статья посвящена изучению проблемы поэтического языка составляемого поэтического корпуса казахского языка. Подвергается анализу поэтические особенности языка вариантов песни «Козы Корпеш – Баян Сулу», взятых в качестве основных версии эпоса. Частично приводятся примеры из эпоса «Кыз Жибек».

Цель, основное направление и идея исследования заключаются в раскрытии поэтической ценности вариантов поэмы «Козы Корпеш – Баян Сулу».

В статье использованы методы отбора, систематизации, деления на лексико-семантические и тематические группы, структурной, описательной, семантической группировки, синхронного анализа.

В статье исследуются с историко-поэтической точки зрения избранные версии одного из древнейших культурных реликвий казахского народа. Общеизвестно, что этот эпос является общим наследием для всех тюркских народов. Например, у алтайцев, башкир, татар сохранилось несколько версии этого лиро-эпоса. Что касается казахских версии поэмы, то впервые эта поэма была опубликована в 1870 году в третьем томе произведения В.В. Радлова «Образцы народной литературы тюркских племен» и в 1876 году И. Н. Березиным в составе «Турецкой хрестоматии». В сборе, публикации и исследовании эпоса приняли участие многие знатоки казахской культуры во главе с Ш. Уалихановым, Г.Н. Потаниным. Статья написана по большей части на основе Шоканской версии, исполненной акыном Жанак. Также использовались версии Радлова, Бейсенбая, М.Ж. Копеева, Потанина, Шоже.

Полученные результаты в ходе исследования: 1) сравнивая между собой поэтический язык главных версий эпоса, мы находим самым основным, древним и наилучшим по художественному исполнению вариантом версию воспетой Жанак акыном; 2) определены вопросы, связанные с жизнью, судьбой главных героев лиро-эпических поэм «Козы Корпеш-Баян Сулу», и «Кыз Жибек»; 3) доказано, кто должен быть положительным героем, так как в разных версиях эпоса Сарыбай и Карабай по-разному воспеваются как положительные так и как отрицательные персонажи.

Ключевые слова: эпос, лиро-эпос, поэтический корпус, поэтический язык, оригинал, оппозиционная бинарная группа.

Кіріспе

Қазақ тілінің поэтикалық корпусын түзу мәселесі, сөз жоқ, сонау XV ғасырларға тиесілі жыр-дастандарды қамтуы қажет. Әрине, қазақ жыр-толғауларының арғы бастауы жалпы түркілік жыршылық, жыраулық дәстүрде жатыр. «Халқымыздың көне әдеби үлгілерінің біразының өзге де түркі тектес жұрттардың мұраларымен ортақтығы тегін емес. Оның төркіні бәрінің бір кезде басы бір, тұтас тайпалық бірлестік, ел ретінде тарих сахнасына шығып, кейін ғана жеке-жеке отау тігіп оқшаулануларында жатыр. Мәселен, Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет тәрізді көне әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларынан там-тұмдап жеткен сөз жауһарла-

рының өзі – тек қазаққа тән мұра емес, ноғай, қарақалпақ, Қырым татарлары, құмық, т.б. бауырлас халықтардың бәріне ортақ мирас, қымбат қазына (Байділдаев, Мағауин, 1989: 496).

Оппозициялық бинарлы жүйе – барлық халықтардың тілінде, мәдениетінде бар құрылым. Бинарлық оппозиция (лат. binarius – қос) – XX ғ. мәдениетінде әмбебапты қолданылған әлемді тану құралдарының бірі. Қоршаған әлем екіжақты, ең алдымен, физиологиялық себептерімен айқындалады: адамның миы әртүрлі функциялар атқаратын қос жарты шарлардан тұрады, адамда екі көз, екі құлақ, екі қол және екі аяқ бар. XX ғ. фонологиясы бинарлық оппозиция барлық құрылымдық гуманитарлық зерттеулерде қолданылады. Бинарлық оппозиция

әлем суретін сипаттағанда ұтымды танымдық құралға айналады: өмір – өлім, оң – сол, жақын – алыс, осында – онда, бақыт – бақытсыздық, жақсы – жаман, өткен шақ – болашақ, биік – аласа. Бұл тізбектің оң жағы теріс, сол жағы дұрыс деп белгіленген. Күнделікті өмірде де «болады – болмайды», «жарайды – жарамайды», «тиым салынған – рұхсат» тәрізді бинарлық оппозицияларды жиі қолданамыз (модальдылықтар). Бинарлық оппозиция тетіктерін қарастырғанда оппозицияның шеткі мүшелерін дәнекерлендіретін медиация ұғымы маңызды рөл атқарады. Бинарлық оппозиция әлемнің, дүниенің мәнісін жүйелі түрде түсінуге, ұғынуға көмектесетін әмбебап құрылым.

Материалдар мен әдістер

Мақалада *іріктеу, жүйелеу, лексика-семантикалық және тақырыптық топтарға бөлу, құрылымдық, сипаттау, семантикалық топтау, синхрондық талдау, салғастыру әдістері* қолданылады. Жыр ағымындағы екі жігіттің де әуел бастан табиғи заңдылыққа сай емес, табиғи жолдан ауытқудан туындайтын тағдыршешті мәселелер, жырдың барлық негізгі нұсқаларын қарастыра отырып, кешенді зерттеу мәселесі, сондай-ақ, жырдың басты кейіпкерлеріне қатысты маңызды мәселеде *бинарлық оппозиция тәсілін* қолдану осы мақалада тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр. Зерттеу материалы ретінде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жасаған Қазақ тілінің ұлттық корпусының тарихи ішкорпусындағы «Қозы көрпеш Баян сұлу» жырының М. Әуезов, В. Радлов нұсқалары және «Қыз Жібек» жырының Шеге ақын нұсқасы алынды (Қазақ тілінің ұлттық корпусы). Жаңадан жасалып жатқан «Тарихи поэтикалық корпустың» «Қыз Жібек» жырының Е.Ахметов нұсқасы мен «Қозы Көрпеш» жырының М. Көпейұлы, В. Радлов, Шоқан нұсқаларын ғылыми айналымға енгізіп, корпус мәліметтерін талдау, пайдалану мақаламыздың жаңашылдығы болмақ.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы филология бойынша, қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиетінде лиро-эпостық жырлар, соның ішінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мен ол жырдың нұсқалары жақсы зерттелген. Ол туралы жазылған еңбектер баршылық. Поэтикалық тіл мәселесі де түркітанымда ХІХ ғасырдан бастап зерттеліп

келеді. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын зерттеу бойынша М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, Қ. Жанабаев, Алберд Б.Лорд, И.Пунавала, А.Е.Мihalі т.б. сияқты көптеген отандық және шетелдік ғалымдары үлкен еңбек сіңірді. Алайда, жырдың негізгі нұсқаларын салыстыра отырып, поэтикалық тіл мәселесін арнайы көтерген еңбектер жоқтың қасы.

«Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» шығармасын біз эпос деп, яғни лиро-эпикалық туынды есебінде атап отырмыз. Бұл – жалпылама атау болып табылады (Жұбанов, Малбақов, 1994: 144).

Профессор Б.У. Азибаеваның пікірінше, бұл дастан романдық эпос қатарына жатады (Азибаева, 2017: 197).

1986 жылы Қазан қаласында И.Н. Березин құрастырған «Түрік хрестоматиясының» үшінші томында жарияланған, Шоқан Уәлиханов Жанақ ақыннан жазып алған нұсқа туралы «осы біз меңзеген өрістен келіп баға беретін болсақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры да эпос дәстүрімен жасалған аса ірі тілдік ескерткіштер қатарына жатады. Әуел бастағы ортақ қазынаның иегері болған әлденеше түркі жұрттары: алтайлықтар, ұйғырлар, башқұрттар, татарлар, қазақтар бұл сюжетті өздерінше жырлап, өзінің ауызекі тіл өнерінің шама-шарқына сәйкес көпшілік игілігіне жаратты. Бұл сюжеттен халықтардың тым әрідегі мифологиялық ұғым-түсініктерінің жұрнақтарын, қиял ертегісіне тән әсірелей мазмұндаудың стильдік көріністерін, аңыз түрінде баяндалатын біртұтас қара сөзді, мәтіндерге сыналған өлеңді қыстырмаларды байқап, танып алуға болады. Мазмұны жағынан олар арбау, бағыштау, жалбарыну тәрізді киелі сөз үлгілерінде де, күнделікті өмірде ұшырасатын ерлік іс-әрекеттің қайталанған бейнелі суреттері ретінде де, дәстүрлі нақыл, тақпақ түріндегі ұйқасымдар ретінде де ұшырасып отырады. Бұлардың жыр тексіндегі ара салмағы әр халықтың ауыз әдебиетінің дербес эстетикалық сапаларына байланысты болып келеді. Сондықтан да біз тексеріп отырған сюжет алтайлықтардың ауыз әдебиетінде батырлық эпос болып қалыптасса, башқұрттар оны ертегі деп таниды, ал қазақ халқы үшін бұл – лиро-эпос жыры» (Жұбанов, 1994: 7).

Ұлы дала ілімімен кең жайылған, рухани мен қоғамдық қызметі үйлесіммен қабысқан жыраулардың ауызша дәстүріндегі (Oral Tradition) формулалық бірліктер жиілігінің поэтикалық сөздігі ғалым Қ.Жанабаевтың авторлығымен жасалды (Жанабаев, 2023: 4).

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жасаған Қазақ тілінің ұлттық корпусының тарихи ішкорпусында «Қозы көрпеш Баян сұлу» жырының М.Әуезов, В. Радлов нұсқалары және «Қыз Жібек» жырының Шеге ақын нұсқасы «qazcoopus.kz» сайтына жүктеліп салынды (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Ал жаңадан қолға алынып жатқан «Тарихи поэтикалық корпуста» «Қыз Жібек» жырының Е. Ахметов нұсқасы мен «Қозы Көрпеш» жырының М. Көпейұлы, В. Радлов, Шоқан нұсқаларының поэтикалық метабелгіленімдері көрсетіліп, алдағы уақытта сайтқа жүктеледі. Поэтикалық метабелгіленімдеріне: мәтін жанры, мәтін формасы, стилі, тармақ, бунақ, шумақ, өлең ұйқасы мен буын саны, сөзқолданысы т.б. жазылады (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Әлемдегі эпикалық дәстүр үлкенді-кішілі барлық әншілердің санасында сақталған мифтер мен аңыздарға негізделген. Дастандарды кең далада үйренеді, яғни әншілерді тыңдап, олармен сөйлесу арқылы бойына сіңіреді. Жырлардағы сөздерді көрместен бұрын оларды әуелі естиді. Ауыз әдебиеті әдебиет болып қалыптасуы үшін жазуды қажет етпеді, жазусыз-ақ әдебиет болды, жазудан кейін де ұзақ жылдар бойы өмір сүрді (Алберт Б.Лорд, 1994: 142).

Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы етістіктердің лексика-семантикалық белгіленімдері мен олардың корпуста берілу моделдері көрсетіледі (Слямбеков, 2024: 192).

Нәтижелер мен талқылау

Бір кезде Кавказ, Қырым, Еділ-Жайық бойында біртұтас мемлекет қол астында көшпелі өмір кешкен халықтардың поэзиясын, таным-түсінігін, тарихын, әдет-ғұрпын, т.б. қырларын салыстыра зерттеу, ортақ, үндес тұстарын айқындау өшкені көп өткенімізді терең ұсынуға, сезінуге септесер еді. Бұл жыр-толғаулардан біз бір замандарда ерлік пен ғашықтықты дәріптеу үлгілерін, белгілі бір сөз айшықтарынан тұратын ортақ, дәстүрлі сөзқолданым үлгілерін көреміз. Осындай сюжеттік даму желісінің кейбір шынайы белгілері, бейне бір *тағдырдың таңбасы* деп атауға боларлықтай белгілер ескі жырларда ұшырасып отырады. Ондай сарындар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларында бар:

1. «*Көрпеш*», «*көбеген*» сөздерінің семантикасына байланысты жағдай. Мәселен, Қо-

зының есіміне не үшін «көрпеш» сөзі тіркесті деп ойлайсыз? Диалектологиялық сөздіктегі осы сөздің берілуіне назар аударалық: Көрпеш 1. (Сем., Абай; Алм.: Іле, Еңб. Қаз.; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Түрікм.: Красн., Таш.) кенже туған қозы. *Бұл уақытта көрпештер семіз келеді* (Сем., Абай). *Ыбралы шал сегіз бір көрпешін де сатқан жоқ* (Гур., Маңғ.). *Көрпешке арналған қораның да мәні жоқ* (Түрікм., Красн.). 2. (Жамб., Шу; Шымк., Мақт.) есейген кебе қозы. *Корынған ақ көрпеден қозы көрпеш, Мұздаған бүрсең қағып лақ-серкеш* (Жамб., Шу) (Аймақтық сөздік, 2005: 342). Этнографиялық энциклопедиядан да дәл осы тәрізді түсініктемені көреміз: КӨПЕЙ / КӨРПЕШ / КӨРПЕЛДЕС – мезгілінен кеш, кенже туған төлдерді білдіретін атау. Малдар төлдеп болғаннан кейін өзгелерінен кешірек туған көпей өзгелерге қарағанда кішілеу болады. Ол, көбінесе қой-ешкі төліне қатысты айтылады (*көпей қозы, көпей лақ*). Көшпелі шаруашылық жағдайында кеш туған мал төлі қыста аязға дейін денесі толысып, қоң жинап үлгермейтіндіктен шығынға ұшырау жағдайы жиі кездеседі. Сондай-ақ, бағу және көшу кезінде көпей қиыншылықтар тудыруы мүмкін (Сөздік, 2012: 158). Яғни, *қозы көрпеш* – дегеніңіз «өзінің мерзімінен кеш туған қозы». «Қыз Жібек» жырындағы басты қаһарман Төлеген туралы да осыған ұқсас жайттан хабардар боламыз: «Базарбайдың Төлеген, *Ерте туган көбеген*. Сексен жігіт қосшы алып, Он бес жігіт басшы алып, Ақжайыққа жөнеген». Көбеген сөзіне қатысты «қазақша-орысша» сөздікте берілген түсініктемеде осы мағынаны көреміз: 1) рожденный весной (о ягненке). *ерте туган көбеген* → ягненок раннего окота. Бұл белгіні көпшілік оқырман тағдыршешті белгі ретінде қабылдамауы да мүмкін. Алайда, біз бұны өте маңызды белгі санаймыз.

2. *Ананың тілін алмау*. Қозы қулық жасап, тазшаның айтқан сөзінің анық-танықтығын өзінің шешесінен біліп алады. Әуел бастан әкесі Сарыбай мен Қарабайдың бел құда, бесік құда болып анттасқандығын, сол антты бұзған Қарабайдың «жетім ұлға қызымды бермеймін» деп, елден көшіп ұзақ жерден қоныс тапқандығының рас екендігін анықтап алады. Шешесі бұл жайға ренжіп, аса қапа болады.

Оғын жүндер Қозыкем тазқарадан,
Жасынан-ақ тілейді азғанадан.
Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
Тұра да кенес сұрайды-ау бозбаладан.

Есітіпті Баянды көңіліне тоқ,
Бір ойнаса жарымен арманы жоқ.
Тұрады кеңес сұрап бозбаладан,
Онды кеңес айтпайды бозбала бок.

Ақ сақалды бір үйге құрлатыпты,
Алып келіп тазшаны жырлатыпты.
Алып келіп тазшаны жырлатқан соң,
Құлақ салып ақ сақалдарға тындатыпты.

Дүниеден осылай өтейін бе,
Құдай қосқан қосаққа жетейін бе.
Құдай қосқан менің қосағым,
Іздейін бе, яки іздемей кетейін бе?

Қозыкем сен тобанды жаңылыпсың,
Сен көрмеген Баянды сағыныпсың.
Сондай жақсы қалыңдық алып берсек,
Ерте кеткен Баянды не қыласың?

Тамам қызды бір үйге салды дейді,
Ағаларға көңілім қалды дейді.
Енді қыздан бір кеңес сұраймын деп,
Жүгіргеннен қыздарға барды дейді.

Суға біткен солқылдақ жекен деймін,
Құдай қосқан қосағым екен деймін.
Құдай қосқан қосақты сағынамын,
Әли апалар, іздесем бе екен деймін.

Қартайғанша ер жігіт қыз дер болар,
Жас үлкенді-ай өзінен сіз дер болар,
Ол айтқаның жарықтығым рас дейді,
Құдай қосқан қосағын іздер болар
(Валиханов, 1984: 134).

Қозының ел-жұртынан ақыл-кеңес сұрауы өте жөнді, ретті іс болады. Алайда, жас Қозының жағдайын ойлаған қатар құрбы бозбалалар оған жөні түзу ақыл айтпайды. Жағдайға қанық үлкен қариялар да Қозыға «дәл сондай қызды елден тауып берейік», «көңіліңе алған ойыңнан қайтқаның жөн» деген ақыл-кеңес береді. Алайда, қыздар тобы, апалары Қозының өз қосағын іздеуін жөн көреді. Бұл туралы естіген анасы баласына «бұл сайтандық кеңес, ұрғашының сөзіне ерме» дейді. «Аякөздің бойынан өте алмассың», «көл-дайра көз жасым бар, одан қалай өтесің», «Қайғылының қырқ бөрі бар-ды балам, одан қайтіп өтесің», «алдыңда дуылдаған қу бар балам», «аспанменен сөйлескен тау бар балам, одан қайтіп өтесің», «шешенді жалғыз тастап кетесің бе, тоқсан қопа толы жылқыңды кімге қиып кетесің, отыз

қопа қойыңды кімге қойып кетесің, он бес өлке толған сиырыңды қайтіп қиясың, асқаралы таулар бар адам өтпес, қырық күншілік шөлі бар», «елі-жұртың қақсайды бармасын деп, жұрттың тілін алмасаң, оңа алмассың», «ақ сүтімді қиып кетесің бе, қазынаңды кімге қойып кетесің?» – деген тәрізді көп сөздер айтылады. Баланың бұл сапардан қайтпасын аңғарған анасы ең соңында: «ақ сүтімді көкке сауамын, барғаныңнан қайтып келме» деп қарғайды.

«Қыз Жібек» жырында Қыз Жібекті іздеп, Ақ Жайық бойына аттанғалы жатқан баласы Төлегенге анасы басу айтып, оның бұл сапарға бармауын сұранады. Алайда, баласы қайтпайды. Төлегеннің анасы да бар мүмкіндікті пайдалана отырып, баласының жолына тосқауыл қоюға тырысады: «Менен туған баласың, Айтқан тілді аласың!», «Ата-анаңды зарлатып, қай жаққа кетіп барасың?» дейді. Сонда Төлеген: «Жиырмаға келгенше, маған қалың бермеген, тең құрбымдай көрмеген, күм құйылсын көзіңе, осы екен саған сыбаға» деп, қатты жауап қайтарады. Анасы сонда да, «жұрт тентірегені несі демей ме?», «ата-анасын зарлатып, бір қыз үшін кетті деп, дос-дұшпаның күлмей ме?» деген тәрізді сөздерді толғайды. Алайда, баласының өз ойынан қайтпасын байқайды. Ең соңында ойы болмаған соң, баласын әуелі Аллаға, сосын пірге, көл иесі әрі жол иесі Қамбарға, ғашықтардың пірі Ләйлі-Мәжнүнге, Зүлиха, Юсуф пайғамбар, әйелдің пірі Бибі Фатима, Ғайып ерен қырқ шілтен, баламды сізге тапсырдым» деп, кері қайтады. Екі жырдың арасындағы бір ерекшелік: Қозы сапарға жалғыз өзі аттанады. Ал, Төлеген болса, қырқ жорғасын айдап, қосшылыққа сексен жігіт, басшылыққа он бес жігіт алып кетеді. Басшыларының ішінде ел ағалары, Шеге тәрізді жыршы-ақындары болады.

3. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы тағдыршеітті белгілердің бірі – үйінде жүкті әйелі бола тұрып, Сарыбайдың (Қарабайдың) буаз маралды атуы. Түркі елінде, соның ішінде қазақ халқында «ата-ананың тілін алу» тәрізді перзенттік парыздың бар екендігі, сонымен қатар, «буаз маралды атпау», «аққуды атпау» тәрізді тыйымдардың бар екендігі белгілі. Сарыбай (кейбір нұсқаларда: Қарабай) аңшылық кезінде буаз маралды атып алады. Мұның өзі, ел ішіндегі ырым-нанымдарға байланысты жаманат, жамандық шақыратын құбылыс.

Сонымен, қарап отырсақ, Қозы Көрпештің тағдырында осы үш бірдей тыйым ұшырасып отыр екен: а) ол дүниеге келмей жатып, әкесі Сарыбайдың буаз маралды атуы; ә) Қозының дү-

ниеге мерзімінен «кеш» келуі; б) Қозының анасының тілін алмай, оның өзін қарғағанына да қарамай, сапарға кетуі. Қозының анасын жай адам деуге болмайды. Ол әруаққа ие, мифтік тұлға. Жолда «балам қорқып, райынан қайтсын» деген оймен соңғы тәсілін жасап, қасқырдың бейнесіне еніп, баласын талайды ғой. Қозы сонда да қайтпайды.

4. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» және «Қыз Жібек» жырларындағы тағдыршешті белгілердің және біреуі – қос гашиқтың арасына түсетін тұлғаның болуы. «Қозы Көрпеште» бұл – Қодар. «Қыз Жібекте» – Бекежан. Әрине, Қозыға өте-мөте қиын болды. Біріншіден, ол өзге жұртта, өзінің жаратылысынан мырза табиғатына еш жараспайтын рөлді ойнап, тазша кейпіне еніп, алты ай қой бағып, кейін жылқышы болып жасырынып жүрді. Айнала елге еш білдірмей, байдың малын бақты. Ақыр соңында Баянға өз сырын ашу үшін қаншама уақыт қиналса да, Қарабай мен Қодардың және тоқсан құлдың қорлығына шыдап жүрді. Төлеген болса, өз тегін жасырмай, өз ниетін жасырмай, Ақ Жайықтың бойына ашықтан-ашық келді.

Екіншіден, Қозы Аякөзге жалғыз өзі келді. Айналасында қолдайтын, қорғайтын адамдары болмады. Әуелі алты ай Қарабайдың қойын бақты. Ал, Төлеген болса, сексен жігіт қосшысы алып, он бес жігіт басшы алып (ішінде билік айтатын, сөз ұстайтын Қаршыға, Шеге сынды ағалары бар), сондай-ақ, қырық жорға қалың малын айдап келді. Яғни, Төлеген жалғыз емес, жанында қорғаушылары, қолдаушылары бар, айдап келген малы бар. Қысқасы, әбден дайындалып келген жігіт.

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлудағы» Қодардың позициясы да, «Қыз Жібектегі» Бекежанның позициясы да жаман емес. Қодар жанынан малын артық көретін Қарабайдың малын сақтап, қырық күншілік шөлден де, қуаң дала, тасқын судан да аман-есен алып өтеді. Қарабайдың малын шашау шығармай, тоқсан құлды басқара отырып, бағып отырады. Яғни, өз сөзіне тұрған жігіт. Сол себепті де Қарабай байдың оның алдында өтелмеген борышы, берген уәдесі бар. Бекежан болса, жоңғарға қарсы соғыста ұланғайыр ерлік жасап, Сырлыбайдың елін жаудан қорғап, ел-жұртын аман-есен алып қалған батыр. Сол себепті де Бекежан да елге сыйлы, қадірлі тұлға болып саналады. Сырлыбай да оның уәжіне қарсы еш жауап айта алмайды.

Бірақ, тағдырдың аты тағдыр. Жалғыз өзі, жасырынып келген, қорғансыз Қозы да Шоқте-

ректің жанында жалғыз оқтан көз жұмды. Соншама адамды басшылыққа, қосшылыққа алып келген, қорғаны бар Төлеген де Қособаның бойында жалғыздан-жалғыз, жалғыз оқтан көз жұмды.

«Жырдың қазақ арасына тараған нұсқасы эпостың бертінгі заманда қайта жаңғырып айтылған үлгісі болар деп шамалауға болады. Біздің бұл ойымыздың шындыққа саятындығын академик Әуезов айтқан мынадай сөздерден де топшылауға болады: *«Поэма эта является одним из самых древних памятников казахского эпоса. В ней рассказывается о Көрпеше и Баян, нареченных женихом и невестой при рождении, но разлученных злой волей отца Баян еще в детском возрасте. ...в начале XIX века акын Жанак, приняв участие в конкурсе на лучшее исполнение «Козы-Көрпеш», спел свой вариант поэмы получивший в народе широкое распространение...»* (Антология, 1958: 49). Ш.Уәлиханов: «Известная поэма Кузу-Курпеч и Баян-Сұлу пересказана мне была знаменитым Дженаком в форме улена» дейді (Валиханов, 1984: 284). Шоқан «эпикалық туындыдағы алғашқы төрт шумақ Жанақтікі. Ал, қалғандары – ескі замандарда жасаған белгісіз ақын аузынан айтылатын аңыз» деген ой айтады.

Ал, енді шығарманың өз мәтініне үңіліп көрелік:

«Жоғартыннан көрінген сары ноғай,
Еділ суға таласқан мү не тоғай.
Қозы Көрпеш дегенің бір аз өлең,
Ептеп айтқан кісіге, А-а, тым-ақ оңай»
(Валиханов, 1984: 115).

Біріншіден, бұл жерде Еділ өзенінің жоғарғы ағысында мекен ететін сары ноғайлар (яғни татарлар) екендігі, Қозы Көрпештің – «өлең» екендігі айтылады. Ақын эпикалық туындыны Еділ судан, оның бойында тұратын «сары ноғайларды» айтудан бастап отыр. Эпикалық туындыдағы үшінші шумақ: «Еділ-Жайық бойында, А-а, жолдас болды» деп басталады. Бұл деректерде күндылық бар ма? «Орындаушы не мақсатпен қолданып отыр? Жай ұйқас үшін алып отыр ма?» деген сұрау қояр болсақ, оған бірден жауап таба алмаймыз. Әлде жырдың бір кездері Еділ-Жайық бойында болған ноғайлы елімен бір байланысы бар ма?! Енді шығарманы В.В.Радлов өзінің «Образцы...» атты еңбегінің үшінші томында жариялаған туындының басталуымен салыстыралық:

Орманбеттің аттанған он сан ноғай,
Біреуінің ақылы он сан қолдай.
Мүз тауына екі хан келді көшіп,
Ертістегі орысқа бодан болмай
(Әуезов, 1936: 235).

Осы жерде бір еске түсетіні: қазақ-ноғай бірлестігі, Ноғайлы ордасы жөніндегі «Түбінде ноғай, қазақ түбіміз бір, Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір...» деген жолдарда тарихи шындық бар. Жоғарыдағы жыр басында келтірілген шумақ осы көшпелі қазақ-ноғай ордасы кезеңінен хабар береді. Осы кезеңде де, яғни ірі мемлекеттік бірлестік кезеңінде бұрыннан бар жыр-аңыз, батырлық жырлар енді мемлекеттік мүдде тұрғысынан қайта жырланған болу керек. Ал енді «Қазақ-ноғай айрылды, қазақ сартқа қайрылды» деген жолдар қазақтың ноғайдан бөлінген кезінен хабар береді. Ескі жырларда «Орманбет хан өлгенде, Он сан ноғай бүлгенде, Саназар батыр жауынан жаралы болып келгенде...» деген жолдар кездеседі. Бұл ноғайлы елінің қалмақ-жоңғарлардан жеңіліс тапқан кезеңін сипаттайды. Қалай болғанда да, Орманбет ханның түсында ноғайлы елінің «он сан» яғни жүз мың қаралы болғандығы жоғарыдағы өлең-жырдағыдай, ескі жырларда бастапқы сюжеттік даму желісінің кейбір шынайы белгілері ұшырасып отырады. Тағы бір байқалатыны: екінші жол – «әрқайсының ақылы – бейне тоғай» дегендегі тәрізді болса, «ноғай-тоғай» ұйқасымы қабылдаушы адам санасына жеңілдеу болар ма еді. Және де бұл кезде екі нұсқа арасындағы ұқсастық көбейе түсер ме еді.

Шоқан 1841 жылы жазып алған, Н.И. Березин жариялаған варианттың орындаушысы белгілі. Ол, Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша, – арғынның қаракесек руының қамбар бөлімшесінен шыққан Жанак ақын. Поэтикалық туынды өлең түрінде орындалған. Өлеңдегі кездесетін рифмалық қайталама, речитатив белгілеріне назар салсақ, бұл өлеңнің *қобызда сүйемелденгені байқалып отырады*.

Екінші шумаққа назар аударалық:

Жігіттер қысқа сөзді, А-а, кеп етелік,
Жер ортасы жігінде, А-а, белгі етелік.
Жақсының аруағы қалмайды екен,
Қозы Көрпеш – Баянды, А-а, тірі етелік.

Осы ойды жетінші шумақ қайталайды:
Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелік,
Ортасында көктөбе белгі етелік.

Азаматтар, ерінбей тыңласаңыз,
Қозы Көрпеш, Баянды тебіретелік
(Валиханов, 1984: 115).

Біріншіден, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы «Жер ортасы – Көктөбе» деген ұғымды дәлелді айғақ ретінде алушы этнограф ғалымдар, мәселен, Бек Ибраев, т.б. этнографтар әлемнің, дүниенің құрылысы, оның орталығы – Көктөбе туралы, ол Көктөбеде өсіп тұрған мәңгілік ағаш – алып бәйтерек туралы мифологиялық құрылым ұсынады. Жалпы, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында мифологиялық, діни-аңыздық көрінім сахналары алмасып, бұл дүние мен о дүниенің арасын оқырманға алмағайып, таза психологиялық жағдаят түрінде қабылдауды ұсынушылық кездеседі. Ал, жалпы әлем, жаһан туралы түсінік те шартты. С. Қондыбай «Қозы-көрпеш – Баян сұлу» жырының Ш. Уәлиханов нұсқасындағы: Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі, Ортасында Көктөбе белгі етелі, Азаматым, ерінбей тыңдасаңыз, Қозы-Көрпеш-Баянды тербетелі, – дегендегі «мекен» сөзі «мықан» болып оқылуы тиістігін көрсетеді (Момынова, 2023: 96). Әрине, бұл жеке философиялық пайымдаудан шығатын қорытындылардың бірі деген ойдамыз. Себебі, жырдың өзге нұсқаларын салыстыра, салғастыра зерттемей, бір нұсқа бойынша мұндай пікір білдіруге әсте болмайды.

Екіншіден, бұрынғы зерттеуімізде жазылғандай, қазіргі тілімізде етіс тұлғасында қолданылатын «тебірен» сөзі жырда өзінің әуел бастағы көне формасында (тебіре) сақталған (Жұбанов, 1994: 26).

Жырдың нұсқаларын өзара салыстыру барысында, профессор С.Аманжоловтың пікірін қолдайтындығымызды айтқымыз келеді. Жанак варианты (Бабалар сөзі, 2009) – өзінің сөзсаптамы, сөздік құрамы, сюжеттік желісі жағынан ең сапалы, бұрынғының сөзіндей нанымды, көне нұсқалардың бірінен саналады.

Ендігі кезекте жыр нұсқаларының құндылығы туралы айталық. Бейсенбай нұсқасында «оқиғаның болған кезінен бері бір ықылым заман өткендігі, сөзге шебер, кемел ақынның өзі сөздің түрін келтіретіндігі туралы баяндалады. «Кешегі бірқатар заманда екі бай өтіпті» дейді. Яғни, жырдың пайда болу кезеңі туралы нақты әңгіме айтпайды. Алайда, жыр ағымынан Сарыбайдың Орманбет ханның қырық байының бірі болғандығы туралы айтылады. 90 мың жылқы айдаған бай болса да, сілкіп киер шапаны жоқ Қарабай қазақ емес, Сыбанбай, Жанак, Бекбау-

лардың айтуы бойынша, ол түрікпен дейді. Екі бай да ел-жұрты «малы көп» деп күндеген соң өз елдерінен кетіп, найманның балталы, бағаналы еліне көшіп келеді (Бабалар сөзі, 2009: 456).

Бұл нұсқадан бірден көзге түсетін ерекшелік: өршіл рух, елдік сана, салқын ақыл, ерлік арнамыс. Сарыбай қайтыс болған кезден бастап, өзінің ерлігімен, өрлігімен, қажыр-қайратымен халқына қадірлі Ханым бірінші планға шығады. Бұрынғы кездегі қазақ халқының ата дәстүрі, қадыр-қасиеті, жөн-жоралғысы керемет нәрсе ғой. Олардың поэтикалық тілдегі бейнелену сипатының байыбына барып, өз дәрежеден кейінде ұғыну да ерекше маңызды. Сол себепті Сарыбайдың ханымына байланысты бірер жайды келтірейік: 1. «Сарыбайдай адамымыз өлді» деп жылаған жұртқа айтқаны: Жұртым-ай, бұл жылаған ниетінді қой, Өлім шықса, тіріге болмай ма той? Жылағанмен бір нәрсе табар болсаң, Жылап-жылап тірілің әкеле ғой». Қайтыс болған зайыбын қара жерге берген соң, ханым айтады: – Қайғысыз адам едім, Бұл сықылды жалғанда жанды көрдім. Ат шаптырып, ас берсең, ерік өзінде, Билігін, батыр Тайлақ, саған бердім... Ел-жұрты құрмет қылды ханның үйін, Ғаріп-қасер жетімге болды тойын. Тайлақ айтқан сөзінен жан шықпайды, Тып-тыныш боп тарады осы жиын. 2. Ат шаптырылып, ас берілген соң, Қарабай байдың асқа да келмей, құдалық жолдан қашқақтап жүрген жөнін естіп-білген, мәселенің байыбына барған ханша Тайлақ бимен тағы ақылдасады: Мінезі Қарабайдың жаннан өтті, Уағыдасы құда болған жұртқа жетті. Тайлақ биге айтады ханым тұрып: – Сонымен кел сөйлесіп құдалықты.

Ел басшысы Тайлақ би өз жөнін айтады: « – Ханым-ау, Қарабайың құрып қалсын, Келуге жарамаған Құдай алсын. Мен барсам, тек келмеймін сол итіңнен, Жалғыз ұлым сол Танас балам барсын».

Тайлақтың сөзін ханым мақұл етті,
Осы сөз де рас болып халыққа жетті.
Қасына он бір жігіт ертіп алып,
Ер Танас Қарабайға жүріп кетті.
Жүр еді хан Қарекен жалғыз өзі,
Танастың Қарабайға келген кезі.
Қарекеннің алдынан қарсы келіп,
Жолығып ер Танастың айтқан сөзі:
– Қарекен-ау, хан болыпсыз сізді көрдік,
Жасы үлкен бай екенсіз сәлем бердік.
Кешегі Сарекемнің заманында
Қайғысыз-уайымсыз жүруші едік.

Сарекем дүние салып кеткеннен соң,
Біз биыл күдіретпенен не көрмедік?
Жіберді құдағиың, құрбың Тайлақ,
Алдына бір сәлемді алып келдік.
Қандай жауап бересіз, хан Қарекем,
Сөйлескелі, байекен-ау, келіп едік.
– Былшылдама, сөзіңе тіпті ермеймін,
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.
Сен он екің, к... қыс, үйіңе қайт,
Жетім ұлға құда боп, қыз бермеймін...
– Қарекен-ау, ақылменен арбайсыз ба,
Жаратқан бір Тәңірді алдайсыз ба?
Ниет айтып ақыреттік құда болдың,
Тегінде қияметке бармайсыз ба?
Құдаңмен Тәңірі алдында беттестірсе,
Сол жерде қара жүзді болмайсыз ба?
– Мына сөзге мен тұрмын қайран қалып,
Қалың малың қойып ем қашан алып?
Сен он екің былшылдап сөйлей берсең,
Бәріңнің де кетермін басың жарып.
Келіпсің сөйлескелі өңшең кедей,
Қайтсаңшы, жаның олжа, бірін өлмей.
Қой десем де, қоймайсың сен он екің,
Тым болмаса қайтпассың таяқ жемей
(Бабалар сөзі, 2009: 104).

Қарабай қарсы жақтың құдалыққа келісуге ата дәстүр бойынша он екі адам болып келгеніне дау айта алмайды. Бірақ, әйтеуір бір ілік табу керек қой. «Өңшең кедей келіпсің» дегені, яғни «топта менімен тең адамша сөйлесердей жөні түзу бір бай жоқ» дегені жәй бір көпшілік үшін айтылған дабыра екендігі белгілі. Ал енді Қарабай байдың келтірілген соңғы сөзінде «қалың малың қойып ем қашан алып?» дегені осыдан біраз ғана күн бұрын аңға шыққан екі байдың бір-біріне «қалыңсыз қыз береміз» деп, анттасқан сөзін бұзғаны. Берілген анттасқан уәденің жайын Қарабай әдейі, қасақана бүгіп қалып отыр.

– Қарекен-ау, жаман сөзді айтпа бекер,
Бұл мінезің өзінді әуре етер.
Осы арада қыз бермей сен тұрмассың,
Қашып жүріп бір талай күнің өтер.
Менің әкем естесе, тек қоймайды,
Өзінді байлап қойып қорлық етер.
Тым болмаса сұрашы қалың малды,
Сарыбайдың малы бар саған жетер
(Бабалар сөзі, 2009: 105).

Келісім тобының барлық айтқан сөздерінде, бір жағынан үлкен кісіге, әрі болашақ құда болғалы отырған адамға деген үлкен қадір-

күрмет бар. Екінші жағынан, «елдің салтын бұзған жөн болмайды», «елдің ағасы, басшысы Тайлақ би мұны естісе, тектен тек қоймайды» деген ескерту де бар.

Көрмессің Қарабайдай бейілі тарды,
Жылқыдан Бақа айғырды мініп алды.
Сегіз өрме, бұзау тіс қамшысы бар,
Бөрінің тарсылдатып басын жарды.
Ойлашы, Қарабайдың қайраты мол,
Өз ақылы өзіне болады жол.
– Бір тау тесіп мойнымызға ілсе дағы,
Он бір аға үндемей қайтарлық жол.

Ұрыспай ол он бірі жүре берді,
Мінезін Қарабайдың көзі көрді.
«Ұрысқақ, ханым бізге өкпелер» деп,
Жардырып ап бастарын қайтып келді.
– «Барсын» деп ханым бізге қылды жарлық,
Мен көрмеген жан едім қорлық-зорлық.
Мінезін Қарабайдың көре тұра-ақ,
Шіркін, нәлет, құдаңа кеше бардық.
«Біз сіздің тілің сыйлап барамыз» деп,
Қызыл тақия сый-сияпат киіп алдық.

Жұртына батыр Тайлақ қайту қылды,
Не қылсын Қарабайдай көпір сұмды.
Ешбір адам аузына алмаған соң,
Аты өшкірдің аты өшіп ұмытылды
(Бабалар сөзі, 2009: 105).

Қарабай байға барған топтың қандай «сый-сияпатпен» қайтқаны ел-жұртқа белгілі болады. Осындай жағдай болып тұрса да, әр істің артқы жағдайын, ел бірлігін ойлайтын Тайлақ би жұртын сабырға шақырады. Осы оқиғадан кейін, Қарабай байдың бұл елде отыра алмасы белгілі болады. Егер де жыр жолдары бізге осыны егжей-тегжейлі түсіндіріп, ұғындырып бермеген жағдайда, ел-жұрттың осы оқиғаға деген көзқарасын айқын тап басып біле алмас едік. Халықтық жырлардың басты кереметінің бірі осы – тәлім-тәрбие. Болып өткен ауыр жағдайлардан кейін ханымның халқына айтқан сөзі – ананың өтініш сөзі әркімге – үлкенге де, кішігі де – ұғынықты болады. Міне, ел деген осы.

3. Сарыбай байдың ханымы Қарабайдың келісімге келмейтінін, құда болам деген ақиреттік антты сөзінен тайып, қаша көшкелі жатқандығын естіп-біліп отырғандықтан, енді олардан үмітін үзіп, жөргектегі баласының амандығын ойлайды. Сол нәрестеге мынадай арам пиғылды жандардың көлеңкесі түспесе

екен деп тілейді. Осы мақсатпен арғы-берісін ойлап, халқының үлкен-кішісіне, барлық елге өтініш айтады:

– Ол кетер, бұл араны қылмас мекен,
Сол нәлет бір жолата кетсе-ақ екен.
Жалғыз-ақ бір тілегім – Қозы ер жетсе,
Бір адам бұны сөз ғып айтпаса екен...
(Бабалар сөзі, 2009: 106).

Бейсенбай нұсқасындағы жырдың қай бөлігіне назар аударсаңыз да, осы бір елдік, қауымдық мүдде, ірі тұлғалардың елдің, қауымның ар-намысы үшін жасаған кесек істерін көресіз. Халқымызда осындай өршіл рухты жырау-жыршылардың болғанына шүкіршілік етесіз. Мұндай кісілердің сөзінде құр мақтау немесе даттау деген болмайды. Бәрі де халықтық ой-санаға негізделген жөн-жосығымен, ақын-жыраудың осыларды зерделеген асыл сөзімен зерленіп жасалады.

Автордың поэтикалық тілі – көркем де әділетті тіл. Ол досқа да, жауға да бірдей әділетті. Оны көшкелі жатқан Қарабай мен оның отбасының әрекеттерін бейнелеуден көреміз:

– Ойбай, қатын, қайдасың, бері келші,
«Құдай қосқан қосағым» мені деші.
Аулынан Сарыбайдың мазам кетті,
Кел, ауамын, үйімді жығып берші.
– Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,
Біліп пе едің, тайғанды Құдай аяр.
Токсан мынды бұл жерден тентіретіп,
Қайда барсаң, осындай орын даяр?
– Бұған ермен өзгене ерсем дағы,
Көрі басым қоршылық көрсем дағы.
Балталымен қоныстас бола алмаймын,
Токсан мынды бір жауға берсем дағы.
– Қайтейін, мінезінді шайтан бұзған,
Кісі едің шайтан бұзған, Құдай ұрған.
Бұл басымды келдеменен кессең дағы,
Бір отырған орнымнан өлсем тұрман
(Бабалар сөзі, 2009: 106).

Яғни, Қарабай байдың қылығы, қылған ісі өз үйінің ішіндегі жақын адамдарының да ашу-ыза-сын тудырады, оларды пұшайман күйге түсіреді.

Белгілі ерімейді іштің мұзы,
Өтпейді қатынына айтқан сөзі.
Үйді жығып, артуды білмей тұрса,
Ойына түсті Ай, Таңсық – екі қызы.
Айтады қыздарына келіп майда:
– Ай, Таңсық – менің екі қызым қайда?

Қақпас шешен тілімді тіпті алмайды,
Бір пайданды тигізші осындайда.

Сөзінен ызындаған қыздар өлді,
Амалсыз шақырған соң келіп еді.
Жылап жүріп үйінің бауын шешіп,
Талқан қып тоқсан нарға артып берді
(Бабалар сөзі, 2009: 107).

Қарабай бай да қылған барлық ісіне еш
өкінбейтін, былайша айтқанда толық залым,
зұлым бейнесінде берілмейді. Оның да өзді-өзі
қалғанда сырын ашып, өзін-өзі қарғап-сілейтін,
өзін-өзі жек көретін сәттері болады. Жыр
нұсқасының және бір құндылығы осында:

– Шырағым, екі қызым мені көрші,
Мынау кәрі ит атаңның ісін көрші.
Құдай қосқан жарынан тірі айрылған
Алдыма сұм Баянды алып берші.

– Қайран балам, кімдерге күн боларсың,
Қайран малым, кімдерге жем боларсың.
Обалдарың әкенді жібермесін,
Үш сорлым, қандай жерде кем боларсың?

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,
Жылқыдан Атқайынды мініп алды.
Жетелеп Бақа айғырды жөнелгенде,
Жұртында қотыр ала тай қалмады
(Бабалар сөзі, 2009: 107).

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы
Қарабай байдың Ай, Таңсық атты қыздарының
елмен, жермен қоштасу сәті жалпы қазақ
фольклорындағы, қазақ поэзиясындағы ең көркем
де, аса маңызды, өскелең ұрпаққа туған жерді,
ата мекенді сүюге тәрбиелейтін елтанымдық
құндылықтарға толы туындылардың бірі:

– Балталы, Бағаналы ел, аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-күліп ер жеткен жер, аман бол!

Тайлақтың енді аман бол, қалған елі,
Аман бол, қалың ағаш, аққан селі.
Теруші ем еріккенде ермек етіп,
Екпе, жиде, алма ағаш көлеңкелі.

Сегіз сай тау біткенді сала, аман бол,
Халайық, қалған елдің шалы, аман бол!
Қарабай – қайын атаң сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала, аман бол!

Ұзын өлке, жота мен төбе, аман бол,
Тайлақ би, ел жақсысы, көп, аман бол!
Изенді, мық жусанды, бетегелі,
Ақ көде, малға шүйгін шөп, аман бол!

Жасы кіші, аға мен іні, аман бол,
Іребдел өңшең мырза жаға, аман бол!
Қайын атаң Қарабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш, тағы аман бол!

«Байлығын Балталының көрмеймін деп,
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін» деп,
Көрі атаң ақылы жоқ өрге қашты,
«Қызымды жетім ұлға бермеймін» деп
(Бабалар сөзі, 2009: 108).

Жырдың осы нұсқасында елдің елдігін, елім
деген ерлердің ерлігін айқын көрсететін, тыңнан
қосылған кейіпкерлердің бірі – ел басшысы
Тайлақ бидің кенже інісі Айбас сері. Айбас
«Ертең ержеткен кезінде Қозы сұраса, не деп
жауап береміз» деп, жетім ұлдың хақы, елінің
намысы үшін Қарабайдың көшіп барған елін
іздеп шығады. Әрине, бұл тәрізді кейіпкердің
қосылуы ескі сюжеті бар, атам заманнан бері
айтылып келе жатқан байырғы жырға жаңаша
бір ерлік, өрлік, намысшылдық рухын қосады.

Айбас ағасынан мән-жайға құнығып келген
Қозы батырлықтың, ерліктің, өрліктің, тектіліктің
үлгісін көрсетеді. Баянға жасырын қосылады.
Баян балалы болады. Потанин нұсқасы да дәл
Бейсенбай нұсқасын қайталап отырады (Бабалар
сөзі, 2009). Алайда, керуенші қожамен Қозының
баласы Кұлаптың Балталы еліне, әжесіне баруы,
екі жақтағы елдің бір-біріне қатынауы, отыз бес
жасқа келгенде Қозының қайтыс болуы, оған
күмбез тұрғызылып, сол күмбезде Баянның да
жан тапсыруы баяндалады.

Шөже нұсқасы бойынша ескі сюжеттік
желі қайталады (Бабалар сөзі, 2009: 155).
Алайда, бұл жырда, дәл Бейсебай, Потанин
нұсқаларындай Қозының өр мінезділігі
сақталады. Басты ерекшеліктің бірі – Қозының
Аякөзге жалғыз бармай, оған Айбас құлдың
еріп баруы. Бұл нұсқада да, «жеті ғашықтың
бірі екен» деп, Алла Тағаланың пәрменімен
періштелер екі жасты тірілтіп, тағы отыз бір жас
ғұмыр береді.

Жанақ нұсқасы, сөз жоқ, ең көне нұсқалар-
дың бірі. Бұл нұсқада ескі мифологиялық сана-
ға, тәңіршілікке тән наным-сенім үлгілері еріп
жүреді. Қозы анасының: «көл-дайра көз жасым
бар, одан қалай өтесің», «Қайғылының қырқ
бөрі бар-ды балам, одан қайтіп өтесің», «ал-

дында дуылдаған қу бар балам», «аспанменен сөйлескен тау бар балам, одан қайтіп өтесің», «шешенді жалғыз тастап кетесің бе, тоқсан қопа толы жылқыңды кімге қиып кетесің, отыз қопа қойыңды кімге қойып кетесің, он бес өлке толған сиырыңды қайтіп қиясың, асқаралы таулар бар адам өтпес, қырық күншілік шөлі бар, «елі-жұртың қақсайды бармасын деп, жұрттың тілін алмасаң, оңа алмассың», «ақ сүтімді қиып кетесің бе?!», «ақ сүтімді көкке сауамын, барғаныңнан қайтып келме» деген тәрізді қорқыту-үркіту сөздерін оқимыз. Радлов нұсқасында:

– Қара бұлт келеді мандай болып,
Кескен қайың жатады жеңдей болып.
Мұны саған сыр қылып айтқан кісі
Қара шашы жайылсын мендей болып...
Темір кебіс Қозыкем киіп алды,
Темір таяқ қолына ұстап алды.
Екі етегін беліне түріп алып,
Отта жатқан малына жаяу салды...
Сарыбайдың жақсы аты екеу, – дейді,
Ақбуыршын мен Көкбуыршын екеу, – дейді.
Әкеңнің өзі өлгеннен соң,
Аспанға ұшқан ол екеу, – дейді...
Мұз тауынан ар жағында барсаң, – дейді,
Жеті айшылық жерге келсең, – дейді.
Алтын астау, күміс астау бар болар,
Сол екі ат тауып барып алсаң, – дейді...
Ер Қозыкем аттанды тәубе етіп,
Шешесі соның жылдар “Есен жет” деп.
Екі емшегін алдына тең шығарып:
– Тым болмаса, мынаны еме кет! – деп...
Қозыкем азығына май алады,
Жүре берсе, көп жерге таянады.
Алтын құдық алдында қайнап жатыр,
Малып алса, айдары боялады...
(Бабалар сөзі, 2009: 73).

Айбас «Қозы Көрпеш өлді» деген хат жазды, екі Буыршынның кекіліне байлады, екі Буыршынды Мұзтауындағы өзінің еліне жіберді, екі Буыршын аспанменен ұшып барды... Тайлақ би онда бас болып елі-жұрты жылады, кекіліндегі хатты оқыды, көрсе, «Қозы Көрпеш өлді» деген хаттың тілі бар екен. Тайлақ би бас болып, ол төрт сан қол аттандырып жүрді. Қозы Көрпештің шешесі Жаңыл Күреңкейге мініп о да жүрді. Ол төрт сан қол келді, қанша күн болса да, келіп жетті. Қозы Көрпешті көрді, аманын, есенін білді, шешесімен жыласып көрісті. Қарабайдың елін қуды, төрт сан қол Жайсаңкөлдін қасына жетті, оны қайтарып айдап келді... «Қозы Көрпештің жатқан жері»

деп, «қызық көрген жері» деп ат шаптырып той қылып, қалған жұртын Мұзтауына Тайлақ би қайтарып айдап кетіпті. Қозы Көрпеш өлмей тірі кетіп, Аягөзде тұрған бейітінің сүйегі Айбастың өлтірген аруақтың сүйегі. Қозы Көрпештің суретін салды, Баянның өңін, келбетін салды. Қодардың өңін, келбетін салды.

Жыр мәтіндеріндегі Сарыбай-Қарабай би-нарлық оппозициясы. Шоқан Уәлиханов жазып алған Жанақ варианты бойынша: Сарыбай – оңды тұлға, жақсы адам. В.В.Радлов нұсқасында да Сары хан мен Қара хан ішіндегі Сары хан – жақсы адам. Жыр мәтіні:

Орманбеттің аттанған он сан ноғай,
Біреуінің ақылы он сан қолдай.
Қара хан, Сары хандай бай өтіпті,
Екеуі заманында болып орай –

түрінде, хан дәрежесіндегі адамдар ретінде басталғанменен, одан арғы жердегі жыр мәтінінде көбінесе Сарыбай-Қарабай варианты қолданылып отырады.

Бейсенбай нұсқасында да Сарыбай – жақсы адам, Орманбеттің ел-жұртқа белгілі он байының бірі болған кісі.

Потанин нұсқасы бойынша: Қарабай хан, Сарыбай бай. Сарыбай – жақсы персонаж:

Су аяғы – Құрдымды жайлап жатқан,
Бір Балталы дейтұғын елге келді.
Сарыбайды хан қылып, тізгін берді.

Осы кезге шейін осы варианттағы «Су аяғы – Құрдым» деп аталатын жердің қандай жер екендігі жөнінде екіұдай көзқарас бар. Ғалымдардың бір тобының айтуы бойынша, бұл Қарағанды облысындағы Нұра өзенінің бойы. Екінші топтағылар, бұл тұжырыммен келіспейді. Олар Ақтөбе облысының көшпенді тұрмысқа, малға жайлы Ырғыз өлкесіндегі Нұраны меңзейді. Және де олар өз ойларын тарихи уақыттық кеңістікте, аталған жерлерде Бағаналы, Балталы елдерінің қоныстанып отырғандығымен дәлелдейді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының құндылығы жағынан Жанақ нұсқасынан кейінгі орын алатын, ең әсем нұсқаларының бірі – Шөже Қаржаубайұлы нұсқасы:

Жаратқан жан біткенді бір Құдай-ды,
Жаратты күдіретіменен күн мен айды.
Бұрынғы ноғай-қазақ заманынан
Сөйлейік Қарабай мен Сарыбайды
(Бабалар сөзі, 2009: 316).

Бұл нұсқадағы ең басты ерекшелік – жағымды тұлға ретінде Қарабайдың алынуы. Осы Шөже Қаржаубайұлының нұсқасын негіз ретінде пайдаланған адам – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ол кісі де Қарабайды жағымды кейіпкер, ал Сарыбайды – жағымсыз кейіпкер ретінде алады. «Қозы Көрпештің ...» Шөже ақыннан тарайтынын Мәшһүрдің өзі де жасырмайды:

Әңгіме жұрт аузында алып қашқан,
Жазу жоқ бұл қазақта тасқа басқан.
Ақын Шөже айтқаннан естіп едім,
Күнімде тоғыз жасқа аяқ басқан...
(Бабалар сөзі, 2009: 419).

Н.И. Ильминский нұсқасы бойынша да Қарабай – жақсы кейіпкер болса, Сарыбай – нашар кейіпкер санатында алынады.

Жасым бар жиырмада, жылым – мешін,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
Айтайын бес-алты ауыз, құлағың сал,
Қозы Көрпеш – Баянның әңгімесін.

Ел болар он екі ру, бірі – Шеркеш,
Қом жасап, сар атанға бітеді өркеш.
Бес-алты ауыз айтайын, құлағың сал,
Баян мен ертеде өткен Қозы Көрпеш.

Мығы бар сауыр етіктің табанында,
Құдайға құлшылық қыл аманыңда.
Қарабай, Сарыбаймен бай өгіпті
Ноғайлы ертеде өткен заманыңда
(Бабалар сөзі, 2009: 377).

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы басты кейіпкерлер есімдерін оппозициялық бинарлы жүйенің логикасы бойынша қарастыратын болсақ, Сарыбай – жағымды кейіпкер болуы керек. Бүкіл әлемдік философиялық, логикалық, тарихи сананың даму барысы, бүкіл халықтардың мифологиялық жүйесі осыны көрсетеді. Себебі бұл жерде әңгіме ақ – қара оппозициясы туралы болып отыр. Жарық түстердің бәрі де, соның ішінде сары түс ақ түстер құрамына кіреді. Сары түс – қазақ дүниетанымында да жақсылықтың, баршылықтың, күт-берекенің символы болып табылады. Демек, бұл жырдың бастапқы варианты – Жанақ вариантына жақын болған болуы керек. Осы тұрғыдан да Жанақ нұсқасының құндылығы дау тудырмайды. Ал, Қарабай-

ды – жағымды кейіпкер қылу тәжірибесі осындай вариантты жырлаушы ақын-жыршылардың жіберген қателігінен болуы керек. Себебі бүкіл қазақ (түркі) дүниетанымы, философиясы үшін, жалпы логикадағы заңдылықты ескере отырып жасалатын ең оңтайлы, дұрыс шешім – Сарыбай байдың жағымды кейіпкер болуы.

Қорытынды

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» лиро-эпикалық жыры – өзінің көнелігі, сапасы мен көркемдігі жағынан қазақ халқының эпостық мұрасындағы ерекше құнды дүниелердің бірі. Бұл жырдың көнелігі оның өне бойында байқалып отыратын байырғы мифологиялық сана-сезім жаңғырықтарынан байқалады. Қазақ халқының тарихындағы маңызды дәуірдің бірі – ноғайлы кезеңі екендігі айқын. Аталмыш жыр ағымынан Еділ-Жайықтан, Атыраудан Алтайға дейінгі Ұлы даланы түгел қарамағына алған Ноғайлы Ордасының кезеңі анық-айқын көрініс береді. Жалпы көне жырдың сол ноғайлы кезеңінде заман ағымына, мемлекеттің мүдделеріне орай қайта жырланғандығы байқалады. Қалай болғанда да, қазақтардан басқа Сібір түркілерінде, башқұрт, татар халықтарының эпосында көрнекті орын алып отырған жырдан ежелгі түркі жұртына ортақ поэтикалық сөзсаптам үлгілерін көреміз. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры қазақ тілінің поэтикалық корпусының алтын қорынан орын алатын туынды.

Шөже нұсқасы бойынша ескі сюжеттік желі қайталанып, Қозының өр мінезділігі сақталады. Ал Жанақ нұсқасы ең көне нұсқалардың бірі ретінде ескі мифологиялық сана, тәңіршілікке тән наным-сенім үлгілері қамтылған.

Жыр мәтіндеріндегі бинарлық оппозиция қарастырылды. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры қазақ поэзиясындағы ең көркем де, аса маңызды, елтанымдық құндылықтарға толы туындылардың бірі екендігі талданды.

Зерттеуді BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҮК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады.

Әдебиеттер

- Albert B.L. Epic Singers and Oral Tradition. [Electronic resource]. – URL: <https://chs.harvard.edu/read/lord-albert-bates-epic-singers-and-oral-tradition/> (Date of use: 12.02.2024)
- Albert B.L. The Singer of Tales. [Electronic resource]. – URL: http://nrs.harvard.edu/urn-3:hul.ebook:CHS_LordA.The_Singer_of_Tales.2000 (Date of use: 12.02.2024)
- Азибаева Б.У. К истории записи, публикации и изучения эпоса «Козы Корпеш и Баян сулу» // Историческая и социально-образовательная мысль. – 2017. – №5/1. Том 9. [Электронный ресурс] – URL: <http://www.hist-edu.ru>; DOI:10.17748/2075-9908-2017-9-5/1-195-201.
- Антология казахской поэзии. ГИХЛ. – Москва, 1958. – 862 с.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 54-том. Ғашықтық жырлар. – Астана: «Фолиант», 2009. – 456 б.
- Бес ғасыр жырлайды. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 384 б.
- Валиханов, Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. Алма-Ата, 1984. – 432 с.
- Жанабаев Қ. XV-XVIII ғасырдағы жыраулар тілі формулалық бірліктер жиілігінің поэтикалық сөздігі. Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 394 б.
- Жұбанов Е., Малбақов М. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 144 б.
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст. Ф.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербәев және т.б. – Алматы: «Арыс», 2005. – 824 б.
- Қазақ тілінің ұлттық корпусы: тарихи ішкорпусы. [Электронды ресурс]. – URL: <https://qazcorpus.kz/find-historic/> (Пайдаланған күні: 12.02.2024)
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.
- Слямбеков Қ.Б., Садық А.М. Қазақ тілінің ұлттық корпусы: етістіктердің лексика-семантикалық белгіленімі // TIL-TANYM. – 2024. – №1. – Б. 189-196. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-189-196>
- Момынова Б. Көркем мәтін поэтикасы: лингвистикалық аспект. – Алматы: «Қазақ тілі», 2023. – 192 б.
- Mihali A.E. Hydronyms in Ocna Şugatag commune, Maramureş county. <https://doi.org/10.17684/i8A120en>
- Poonawala I., Rajani K. The Sound Traditions: Studies in Ismaili Texts and Thought // Publisher Brill. – Leiden: Netherlands, 2021. – 698 p.

References

- Albert, B.L. (1991). Epic Singers and Oral Tradition. [Electronic resource]. URL: <https://chs.harvard.edu/read/lord-albert-bates-epic-singers-and-oral-tradition/> (Date of use: 12.02.2024)
- Albert, B.L. (2000). The Singer of Tales. [Electronic resource]. URL: http://nrs.harvard.edu/urn-3:hul.ebook:CHS_LordA.The_Singer_of_Tales.2000 (Date of use: 12.02.2024)
- Antologia kazahskoi poezii (1958). [Anthology of Kazakh poetry] GIHL, Moscow. (in Russian)
- Azibayeva, B.U. (2017). K istorii zapisi, publikasii i izuchenia eposa “Kozy Korpes i Baian sulu” [On the history of recording, publishing and studying the epic “Kozy Korpesh and Bayan Sulu”]. Historical and Social-Educational Idea. Vol. 9, Iss. 5/1. DOI: 10.17748/2075-9908-2017-9-5/1-195-201 <http://www.hist-edu.ru> (in Russian)
- Babalar sözi: Jüztomdyq (2009). [The word of ancestors: one hundred volumes]. Vol. 54. Ğaşyqtyq jyrlar [Love songs]. Astana. “Foliant”. (in Kazakh)
- Bes ğasyr jyrlaidy (1989). [Five centuries sings]. Vol 1. Almaty. “Jazushy”. (in Kazakh)
- Janabaev, Q. (2023) [Poetic Dictionary of the frequency of formulaic units of the zhyrau language of the XV-XVIII century.] XV-XVIII ğasyrdağy jyraular tılı formulalyq birlikter jılıgımnı poetikalıyq sözdıgı. – Almaty. Qazaq universiteti. (in Kazakh and in Russian)
- Jūbanov, E., Malbaqov, M. (1994). [Textology of the epic “Kozy Korpesh – Bayan Sulu”] “Qozy Kōrpes -Baian sūlu” eposynyñ tekstologiasy. – Almaty. “Ğylym”. (in Kazakh)
- Mihali, A. E. (2018). Hydronyms in Ocna Şugatag commune, Maramureş county. <https://doi.org/10.17684/i8A120en>
- Momynova, B. (2023). Kōrkem mätın poetikasy: lingvistikalıyq aspekt [Poetics of literary text: linguistic aspect] Almaty. “Qazaq tılı”. (in Kazakh)
- Poonawala I., Rajani K. (2021). The Sound Traditions: Studies in Ismaili Texts and Thought. Publisher Brill. Leiden. Netherlands.
- Qazaq tılınıñ aimaqtyq sözdıgı (2005). [Regional Dictionary of the Kazakh language]. Almaty. “Arys”. (in Kazakh)
- Qazaq tılınıñ ülttyq korpusy: tarihi işkorpusy [National corpus of the Kazakh language: historical subcorpus]. [Electronic resource]. URL: <https://qazcorpus.kz/find-historic/> (in Kazakh)
- Qazaqtyñ etnografialıyq kategorialar, üğymdar men atalarynyñ дәstürlı jüiesi. (2012). [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Almaty. RPK “Slon” DPS. (in Kazakh)
- Valihanov, Ch.Ch. (1984). [Collected works in five volumes] Sbranie sochineni v päti tomah. T.I. Alma-Ata. (in Russian)
- Slyambekov, Q.B., Sadyk, A.M. (2024). The national corpus of the kazakh language: the semantic markup of verbs. Tiltanyim. Vol.1, P.189-196. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-189-196>

Авторлар туралы мәлімет:

Малбаков Мырзаберген – филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: myrzabergenmalbakov@gmail.com);

Кубденова Гулжихан (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: guljihana@mail.ru);

Қайрат Асау – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: asauqairat@gmail.com).

Information about authors:

Malbakov Myrzabergen – Doctor of Philological Sciences, Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov (Almaty, Kazakhstan, e-mail: myrzabergenmalbakov@gmail.com);

Kobdenova Gulzhikhan (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov (Almaty, Kazakhstan, e-mail: guljihana@mail.ru);

Kairat Assau – PhD student, Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov (Almaty, Kazakhstan, e-mail: asauqairat@gmail.com).

Келіп түсті: 19 ақпан 2024 ж.
Қабылданды: 22 тамыз 2024 ж.